



Автор: Дерманова Нурша Есенгельдиевна

Предмет: Қазақ тілі

Класс: 5-сынып

Раздел: Қазақстандағы жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі

Тема: Өсімдіктер әлемі

Цели обучения (ссылка на учебную программу):	О5Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады ӘТН3Лексикалық норма Омоним, синоним, антоним сөздерді орынды қолданады
Цели урока:	Барлық оқушылар:1) мәтін мазмұнын түсінеді; 2) омоним, синоним, антоним сөздерді табады; Көптеген оқушылар:1) нақты ақпараттарды анықтайды; 2) омоним, синоним, антоним сөздерді қолданады; Кейбір оқушылар:1) нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады; 2) омоним, синоним, антоним сөздерді орынды қолданады.
Языковые цели:	Тақырыпқа байланысты тірек сөздер:ат, ақ, бас, ,ауыр, бөл, от, жас, қыс, тән, мал, қанат, қала, т.б. төзімді, ұшар басы, бағалы, жер бетіндегі, сусымалы, өзіне тән т.б. Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: менің ойымша..., мен бұл пікірмен келісемін / келіспеймін
Ожидаемый результат:	1. мәтін мазмұнын түсінеді. 2. омоним, синоним, антоним сөздерді таба алады. 3.нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады;
Критерии успеха:	Тыңдалым, айтылым мақсаты бойынша: Қарапайым, анықтауыштық сұрақтар құрастырады. Әдеби тілдік норма бойынша: Сөздердің синонимдерін табады, омонимдерді түсіндіреді.
Привитие ценностей:	туған жерге сүйіспеншілік, қоршаған ортаны қорғау, өмір бойы білім алу
Навыки использования ИКТ:	интерактивтік тақта
Межпредметная связь:	ботаника, елтану
Предыдущие знания:	Жануарлардың өмір сүру ортасы

Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Начало урока (5 минут)	Қызығушылықты ояту Сәлемдесу, сабаққа дайындық. Өткен тақырыпқа шолу. Сұрақ-жауап. Бейнематериал тамашалау. Сұхбат: - Ал сіздер пайдалы өсімдіктерді білесіздер ме? Олар несімен пайдалы? Сабақтың тақырыбымен, мақсаттары мен бағалау критерийлерімен танысу.Оқушыларды 4 топқа бөлу.	https://www.youtube.com/watch?v=ehTkQSkOUdI

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Середина урока (27минут)	Мағынаны тану Оқылым алдындағы тапсырма. □ Берілген өсімдіктердің суретіне мұқият қарап, түр-түсі бойынша атын анықтай аласыздар ма? □ Оқитын мәтініміз не туралы болатынына болжам жасаңыздар. □ Бұл өсімдіктерді халқымыз қандай мақсатта пайдаланғанын білесіздерме? (Қазақстан жерінде өсетін пайдалы өсімдіктердің(адыраспан, сексеуіл.б) суретін беру. Ол өсімдіктердің қасиетін халқымыз қалайпайдаланғанын сұрай, оқушының бар біліміне сүйену.) Оқылым тапсырмасы. Сексеуіл (I топ) Ақ сексеуілдің ұшар басы ақшылдау болып келеді. Сексеуілдің ағашы өте мықты әрі ауыр болғандықтан, суға батып кетеді. Бұл таскөмір беретіндей жылу бөле алатын бағалы отын. Тамырының ұзындығы 10 метрден асып жығылатын сексеуілдің жер бетіндегі бөлігі бес метрден асады. Оның ұзын әрі кеңінен тармақталған тамырлары сусымалы құмды торлап алып, оның қозғалысын тежейді. Осы себепті сексеуіл құмды тоқтатуға таптырмайтын өсімдік болып табылады. Шөлге төзімді, жас өркендерін қыста қой, түйе жақсы жейді. Адыраспан (II топ) Адыраспан өзіне тән өте күшті иісі бар көпжылдық өсімдік. Ақшыл сары немесе ақшыл түсті гүл атады. Оның түтіні адамды тыныштандырады, денені босаңсытып, дезинфекциялайды. Мөлшеріне қарай адыраспан емдеп, уландыра алады. Уы сабы мен гүлінде. Өсімдік талай рет адам баласын обадан, жұқпалы аурулардан сақтап қалған. Мал-дәрігерлік тәжірибеде оның тұнбасымен малдың қышымасын емдейді. Тіс ауырғанда, ұмытшақтыққа шалдыққанда, тері бөрткенде т.б. аурулардан емдеу үшін адыраспанды пайдаланған. Жусан (III топ) Жусан көп жылдық, кейде бір-екі жыл өсетін шөптесін өсімдік. Шілдеденқыркүйеккедейінгүлдейді. Жусанды тұрмыстадәрілікөсімдікретіндеқолданады.Жусан жер бетіндегі өсімдіктердің ең ащысы. Оның пайдалы жақтары жетерлік. Қазақстанның барлық жерінде – шөл-шөлейтті далада, таулы жерлерде өсетін 81 түрі бар. Жусанның биіктігі 10 – 60 см, кейде 1,5 – 2 м-дей болады. Сабағы тік немесе жерге жайылып өседі. Жусан бөлмедегі ауаны тазартып, жүйкені тыныштандырады.Жусанның талшық, тықыр, дермене, ермен, тамыр, іле сияқты түрлері бар. Итмұрын (IV топ) Итмұрын — көпжылдық өсімдіктердің түрі. Биіктігі 2 метр. Бұталары тікенекті. Итмұрынның 500-ге жуық түрі бар. Табиғатта таулы-тасты жерлерде, орманда, су жағалауында өседі. Табиғи түрі Қазақстанның барлық тау бөктерлерінде өседі. Халық арасында итмұрынның «жабайы раушан» деген атауы кеңінен қолданылады. Итмұрынның гүлі ақ, қызғылт, сары түсті, диаметрі 4-6 см, хош иістітүрлері бар. Мамыр, маусым айларында гүлдейді. Жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Жемісі сопақша келген жылтыр, түсі қызыл немесе қызғылт-сары болады.Итмұрынның ерекшелігі — бағалы дәрумендерге бай, жемісі және одан дайындалған дәрі-дәрмектер медицинада негізінен асқазанжәне бауыр ауруларын емдеуге қолданылады. Мәтін мазмұнын топта талқылау. Мәтін мазмұны бойынша бірнеше жіңішке және жуан сұрақтар құру. Оқылымнан кейінгі тапсырма: 1-тапсырма. 1-топқа. Берілген мәтіндерден синоним сөздерді табу. 2-топқа. Омоним сөздерді табу, мысал келтіру. 3-топқа. Антоним сөздерді табу, мақал-мәтелдер жазу. 4-топқа. Жусан, сексеуіл сөздеріне математикалық талдау жасау./бас	http://massaget.kz/layfstayl/alemtanu/Qazaqstanym/16336/
Конец урока (5 минут)	"Бес жолды өлең" стратегиясымен жұмыс.	

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Рефлексия (3 минут)	Рефлекторлық экран Ризамын Ойланамын Түзетемін	